

**Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарын және лицензиялау ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 маусымдағы N 618 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.25. N 628 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары;
- 2) Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 3 маусымдағы

N 618 қаулысымен

бекітілген

**Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары**

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

- 1) "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңы 7-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып әзірленген және толтырылған өндіріс паспортын;

2) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган немесе оның ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарының мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімінде тіркелген техникалық талаптарды;

- 3) стандарттау және өлшем құралдарының бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі

белгіленген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін жабдықтарды;

- 4) темекі өнімдерін өндіруді технологиялық бақылау жөніндегі зертхананы;
- 5) барлық тауар белгілерінің дәл және толық атауларын көрсете отырып ө н і м д е р т і з б е с і н ;
- 6) темекі өнімдерін өндіру үшін қажетті меншік құқығында немесе өзге де құқықтарда өтініш берушіге тиесілі ғимараттар мен үй-жайларды;
- 7) санитарлық-гигиеналық нормалар мен техника қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес жұмыс істейтіндердің еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін арнайы киімдер және басқа да қорғаныш құралдары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 маусымдағы

№ 6 1 8 қаулысымен

бекітілген

## **Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) жеке және заңды тұлғалардың темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін белгілейді.

2. Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия басты болып табылады.

3. Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауды темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган жүзеге асырады (бұдан әрі - лицензиар).

4. Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысан бойынша беріледі.

### **2. Лицензияны алу тәртібі**

5. Өтініш беруші темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияны алу үшін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысан бойынша ө т і н і ш б е р е д і .

Ө т і н і ш к е :

1) темекі өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдарды және өкілдіктерді тіркеу есебі туралы куәліктің

к ө ш і р м е л е р і ;

2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және жеке кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

3 ) а л ы н ы п т а с т а л д ы

4) темекі өнімдерін өндіру үшін қажетті ғимараттар мен үй-жайларға меншік құқығын немесе өтініш берушінің өзге де құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері ;

5) темекі өнімдерін өндіру кезінде өтініш берушінің тауар белгілерін пайдалануға арналған құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі;

6) темекі өнімдерін өндіруге арналған лицензияны алу үшін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі органдардың қорытындысы;

7) темекі өнімдерін өндіруге арналған лицензияны алу үшін - санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы;

8) темекі өнімдерін өндіруге арналған лицензияны алу үшін - Өртке қарсы қызмет органдарының қорытындысы; <\*>

9) темекі өнімдерін өндіруге арналған лицензияны алу үшін - экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы;

10) темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжат қоса беріледі.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері нотариалды түрде к у ә л а н д ы р ы л у ы т и і с .

Құжаттарды қабылдап алу күні осы тармақтың 6), 8)-тармақшаларында санамаланған құжаттардың ескіру мерзімі заңнамада белгіленгеннен аспауы тиіс.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 , 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

6. Лицензияға лицензиар басшысы немесе осыған уәкілетті тұлға қол қояды және лицензиардың мөрімен куәландырылады.

7. Өтініш беруші - заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері оның құрамында лицензияланады. Филиалдар немесе өкілдіктер туралы ереже және тіркеу құжаттары лицензиарға беруге жатады.

8. Заңды тұлға темекі өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын филиалды немесе өкілдікті ашқан жағдайда лицензиарды отыз күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді.

9. Лицензияны беру өтініш берушіге немесе оның уәкілетті өкіліне сенімхат негізінде жүргізіледі.

10. Лицензия беруден бас тарту, лицензияны кері қайтарып алу, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және күшін жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3. Лицензияларды есепке алу және лицензияланатын қызметке бақылау жасау**

11. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ осы Ережелердің сақталуына бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

12. Біліктілік талаптарының және белгіленген ережелердің сақталуын тексеру лицензияның қолданылу мерзімі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен жыл с а й ы н ж ү р г і з і л е д і .

Жоспарлы тексерулер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде өзгеше көзделмесе, жылына 1 реттен жиі жүргізілмейді.

Жоспардан тыс тексерулер лицензиаттың жоспарлы тексерулер жүргізу кезінде анықталған біліктілік талаптары мен белгіленген ережелерді бұзушылықтарды жоюын растау үшін, сондай-ақ шағымдарға, мәлімдеулерге, өтініштерге дереу мән беруді талап ететін жағдайларда жүргізіледі.

Тексерулер нәтижелері бойынша бұзушылықтардың болмауы туралы не нақты бұзушылықтар мен оларды жою мерзімін көрсете отырып, тексеру актісі ж а с а л а д ы .

Тексеру актісінің негізінде бұзушылықтарды көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда, лицензиар лицензияны заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

Лицензиат лицензияның қолданысын тоқтата тұру себептерін жойғаны туралы жазбаша нысанда лицензиарды хабардар етеді.